



010000, Астана , Парламент Мәжілісі

201__ жылғы “ _____ ” _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 201__ года
№ _____

**Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі
Ж. М. Қасымбекке**

2017 жылғы 12 сәуірде
жарияланды

Депутаттық сауал

Құрметті Жеңіс Махмұдұлы!

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында жаңа еуразиялық логистикалық инфрақұрылымды дамытуды маңызды басымдықтардың бірі ретінде айқындап, бұл салада алда тұрған нақты міндеттердің ішінде көлік инфрақұрылымын басқаруға, қызмет көрсету деңгейін арттыруға ерекше көңіл аудару қажеттігін атап көрсеткен болатын.

Осы орайда Астана – Қарағанды –Астана, Астана – Көкшетау – Астана және Астана – Павлодар – Астана бағыттарындағы электрпойыздар қатынасын жетілдіру қажет деп санаймыз. Атап айтқанда, аталмыш бағыттар бойынша электрпойыздар күн сайын 2-3 рет қатынайтынына қарамастан, жолаушылар оларға, әсіресе, аптаның жұма, сенбі, жексенбі және мереке күндері билет алу қиынға түсетіндігіне реніш білдіруде. Аталған электрпойыздарға билеттерді алып-сатумен айналысатын адамдар да бар көрінеді. Осы жөнінде бізге кейінгі кезде сайлаушылар тарапынан арыз-шағымдар айтылып жүр.

Жолаушылар өздеріне жай пойыздан гөрі электрпойызбен жүру әлдеқайда қолайлы әрі арзанға түсетіндігін ескеруді сұрайды. Осыған орай, Елбасы Жолдауында айтылғанындай, көлік инфрақұрылымын басқаруды жетілдіру және қызмет көрсету деңгейін арттыру мақсатында аталған бағыттардағы электрпойыздар санын көбейту қажеттігі туындап отырғандығы анық. Мұның өзі жекеменшік көлігімен заңсыз такси қызметін көрсетумен айналысатын жүргізушілер санын кемітіп, автомобиль жолдарындағы жол-көлік апаттарын

азайтуға, яғни жолаушылардың қауіпсіздігін арттыруға да оң ықпалын тигізері даусыз.

Бұған қоса, Бурабай курорты темір жол станциясындағы платформалар жолаушылардың, әсіресе, қарт адамдар мен балалардың жолаушы пойыздарына кіріп-шығулары үшін өте ыңғайсыз жасалған. Бұл адамдардың вагондарға мініп-түсу кезінде қиындық тудырып, жарақат алу қаупін туғызып отыр.

Жоғарыда айтылған жайлардың негізінде Сізге Астана – Қарағанды – Астана, Астана – Көкшетау – Астана және Астана – Павлодар – Астана бағыттарындағы электрпойыздарға жолаушылардың сұранысын зерттеп, аталған бағыттарда жұма, сенбі, жексенбі және мереке күндері қосымша электрпойыздар жүргізу мүмкіндігін қарастыруды, сондай-ақ Бурабай курорты темір жол станциясындағы платформаларды жолаушыларға ыңғайлы етіп жасау мәселесін шешуді ұсынамыз.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңның 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді өтінеміз.

Құрметпен,
депутаттар, «Нұр Отан» партиясы
Фракциясының мүшелері

К. Мұсырман
Б. Мамраев
А. Нұркина
Ж. Омарбекова
Б. Мәкен